

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау  
органдары Комитеті кеңейтілген отырысының  
№ VIII- I-29 Хаттамасы**

2023 жылғы 26 маусым  
с.10.00

Астана қ.  
701 каб.

Төрағалық еткен: Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары Комитетінің төрағасы Лукин А. И.

Қатысқандар: Комитет мүшелері Лукин А.И., Бекназаров Н.Қ., Арғынбекова А.С., Больгерт Е.А., Қадырбек М.Б., Медебаев С.Т., Тастекеев Қ.Қ., Толамисов А.Ғ., бөлім меңгерушісі Жұмабекова Г.Х., тізім бойынша.

Бірінші сұрақ:

1. «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы».

Баяндамашы: Лукин А. И.

Екінші сұрақ:

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Баяндамашы: Лукин А. И.

Үшінші сұрақ:

3. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Баяндамашы: Лукин А. И.

Төртінші сұрақ:

4. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы».

Баяндамашы: Лукин А. И.

Шешім: Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 29-бабының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес оны мақұлдауды ұсынады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 58-тармағына сәйкес:

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бірінші оқылымда мақұлданын;
- «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бірінші оқылымда мақұлданын;
- «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бірінші оқылымда мақұлданын.

**Комитет Төрағасы**

**А. ЛУКИН**